

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Ақтөбе 2024ж.

Мектеп психологының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде құрылды.

Психологиялық қызметтің басты мақсаты: даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері: Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар), баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету. Психологтың негізгі функциялары: психологиялық білім беру (ағарту, алдын алу жұмысы), кеңес беру, диагностика, түзету және дамыту жұмыстары; психологиялық қолдау және әлеуметтік-психологиялық бейімделуге ықпал жасау.

1,5,10 КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№19 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында барлық білім алушы саны- 1237.

2023-2024 оқу жылында 1 класс оқушыларының оқуға бейімделуін анықтау мақсатында жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес 1 класс оқушыларынан оқуға психологиялық даярлығы мен бейімділік деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі алынды. Зерттеу нәтижесінде бойынша, 1-класс оқушыларының оқуға бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады:

Сыныптар	Сыныптағы барлық балалар саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1«А»	30	8	20	0
1«Ә»	32	10	22	0
1 «Б»	26	12	14	0
1 «В»	26	10	13	3
1 «Г»	26	11	12	2
Барлығы:140		51	81	5

Диагностикалауға 1 сыныптар бойынша барлық 140 оқушының 137-сі қатысты, оның ішінде 1 “А” сыныбының оқушысы Балмағамбет Тәуекел ЕБҚ бар, 1 “Г” сынып оқушысы Самат Абдулхалил және 1 “А” сыныбындағы Оразалина Адияның ата-анасы психологиялық сүйемелдеуден бас тартып, жазбаша арызын тапсырды.

Зерттеу нәтижесі бойынша 1 класс оқушыларының ішінде зерттеу қорытындысы бойынша оқуға бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылар: 1 «В» сыныбы: Сандибек Дарын, Братищенко Алена, Тарабрин Демьян; 1 «Г» сыныбы: Вагапов Эмиль, Ганин Матвей.

Психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сай, 5 класс оқушыларының оқуға бейімделуі зерттелді. Жоспарға сәйкес 5 класс оқушыларынан Г.Н.Лускановтың “Оқу мотивациясы” сауалнамасы алынды. Зерттеу нәтижесінде бойынша, 5-класс оқушыларының оқуға бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады:

Сыныптар	Сыныптағы Барлық бала саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
5«А»	28	5	19	4
5«Ә»	25	6	16	2
5 «Б»	23	8	14	1
5 «В»	22	5	14	2
5 «Г»	22	9	10	3
5«Д»	24	5	16	2
Барлығы:144		38	90	14

Диагностикалауға 5 сыныптар бойынша барлық 144 оқушының 141-і қатысты, оның ішінде диагностикалауға қатыспаған ЕБҚ бар 5 “Ә” сыныбының оқушысы Алпысбаев Бексұлтан, 5 “В” сынып оқушысы Фарвазетдинов Артем және 5 “Д” сынып оқушысы Жакиенов Исмаил.

Зерттеу нәтижесі бойынша 5 класс оқушыларының ішінде зерттеу қорытындысы бойынша оқуға бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылар:

5 «А» сыныбы: Аяпов Бекжан; Бисенбаева Шұғыла; Сырымбет Санжар; Маратұлы Мұрат;

5«Ә» сыныбы: Байжан Мансұр; Нұрболұлы Мырзахмет;

5 «Б» сыныбы: Барсук Марк;

5 «В» сыныбы: Дунаева София, Бегалинов Рамазан;

5 «Г»сыныбы:Зражевский Кирилл, Венк Никита,Лепилова Доминика;

5 «Д»сыныбы:Ридель Полина,Дуйсенбай Азат.

Бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылармен оқу қызметінен шеттететін мәселелерді жоюға бағыттау мақсатында психологиялық түзету жұмыстары жүргізілуді. Сонымен қатар барлық оқушылармен сынып ішінде жайлы психологиялық климатты ұйымдастыру,қарым-қатынасты жақсарту,мазасыздық деңгейін жоюға бағытталған психологиялық тренингтер,ойындар жүргізілуде.Оқушылардың қолайлы бейімделуін жүзеге асыру бойынша ата-аналарға, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді.

Психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сай ,10 класс оқушыларының оқуға бейімделуі зерттелді. Жоспарға сәйкес 10 класс оқушыларынан Г.Н.Лускановтың “Оқу мотивациясы” сауалнамасы алынды.Зерттеу нәтижесінде бойынша, 10 -класс оқушыларының оқуға бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады:

Сыныптар	Сыныптағы барлық балалар саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
10«А»	31	15	16	0
10«Ә»	26	16	10	0
Барлығы:57		31	26	0

Диагностика қорытындысына сай , 10 сыныптар бойынша бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылар анықталмады.




ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында психодиагностикалық бағыт бойынша жоспарға сүйене отыра,бірқатар әдістемелер алынды.Қыркүйек айында 8-11 сынып оқушыларынан агрессиялық мінез-құлықты анықтау мақсатында А.Басс және А.Дарки сауалнамасы

алынды.Сауалнамаға барлығы 8-11 сыныптан 301 оқушы қатысты,агрессиялық мінез-құлықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады. Қараша айында жоспар бойынша депрессия, қорқыныш-үрей және стресс деңгейлерін анықтау мақсатында 300 оқушыны құрайтын 8-11 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде стресс,депрессия, қорқыныш-үрей көрсеткіштері бойынша шекті мәннен асқан оқушылар анықталмады.Аталған айда 5-7 сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс сауалнамасы алынды.Сауалнамаға барлығы 306 оқушы қатысып,нәтижесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушы анықталған жоқ.Қаңтар айында оқушылардың жекелік және ситуативті мазасыздықтарын анықтау мақсатында Спилберг сауалнамасы алынды.Сауалнамаға барлығы 8-11 сынып бойынша 301 оқушы қатысып,қорытындысында мазасыздықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушылар анықталған жоқ.Жалпы психологиялық диагностикалық зерттеудің қорытындысы бойынша ерекше назарды талап ететін оқушылар анықталмады.

Желтоқсан айында 9,11 сынып оқушыларының кәсіби бағыт-бағдарын беру мақсатында Е.Климовтың тұлғалық типтерін анықтау әдістемесі алынып,хаттамалар толтырылды.Оған қоса,бірінші жартыжылдықта оқушылардан дарынды оқушыларды анықтау мақсатында әр түрлі тесттер мен логикалық тапсырмалар алынды.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ АҒARTУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Ағымдағы оқу жылда психологиялық алдын алу және ағарту бағыты бойынша жоспар негізінде жұмыстар уақытылы жүргізілді.Оқу жылының басында оқушылармен бірге, ата-аналар жиналысына қатысым жасалып,мектептегі психологиялық қызмет

жайлы, “Сенім телефоны” және “Сенім жәшігі” жұмысы туралы ақпараттандыру жұмыстары жүзеге асты. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарға тоқталсақ, 6-11 кл. оқушыларымен жыл бойы «Буллинг пен кибербуллингің алдын алу» тақырыбында тренинг-сабақтар, интернеттегі қауіпсіздіктің алдын алу бойынша, 8-11 кл. оқушыларымен суицидтің алдын алу бойынша «Психологиялық денсаулық және оны қалай сақтауға болады?», «Стресс және оны жеңу жолдары» т.б тақырыбында лекциялар, тренингтер ұйымдастырылып, бейнероликтер көрсетілді. Қазан айында PISA халықаралық зерттеуге қатысатын 9, 10, 11 сынып оқушыларының тестілеу қарсаңында болатын мазасыздық пен эмоционалдық қысымды жою мақсатында психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Наурыз айында мектебіміздің әлеуметтік педагогтерімен біріге отыра, 6-ншы қазақ және орыс сыныптарының оқушыларымен “Зорлық-зомбылыққа жол жоқ” атты дәріс өткізілді. Дәріс сабақта осы тақырып аясында мәліметтер беріліп, бейнероликтер көрсетіліп, оқушылар көкейлеріндегі сұрақтарға жауап ала білді. Сонымен қатар, Желтоқсан айында 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларына психикалық денсаулық туралы хабардар ету мақсатында «Көңіл-күйіңді көтеріп, қуана біл» кітапшалары таратылды. Жыл бойы келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен біріге класс сағаттарына қатысым жасалды.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Биылғы оқу жылында оқушылармен сәтті бейімделуге, мазасыздықты пен стрессті жоюға, оқу мотивациясын жетілдіруге, ҰБТ және емтиханалды психологиялық даярлықты қамтамасыз ету мақсатында жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Жыл бойы бастауыш сынып оқушыларының психомоторика мен сенсориканы дамыту, 5-11 сынып оқушыларының эмоционалды қысымды жойып өмірге деген позитивті көзқарас қалыптастыратын, мазасыздықты жойып, ауызбіршілігін нығайту мақсатында тренингтер өткізілді. Оған қоса, дарынды оқушыларды мектепшілік, қалалық олимпиадаларға қатысуға тарту жұмыстары жүргізілді.



КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

2023-2024 оқу жылында психологиялық қызметтің кеңес беру бағыттары бойынша оқушылармен барлығы 58 сұхбаттасу жүргізілді. Негізгі контингент - жасөспірімдер. Кеңес беру тақырыптары көбіне: ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, мамандық таңдау, сыныптастарымен кикілжіңдер және т.б. болды.

Кеңес беру бағыты бойынша мұғалімдермен барлығы 32 сұхбат жүргізілді. Баланың оқуы мен тәртібіне байланысты, сұраныстары бойынша кеңес берілді.

Аталған бағыт бойынша ата-аналармен 22 сұхбат жүргізілді. Кеңес беруге жүгінуге негізгі себептердің бірі балалардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуі, күн тәртібін орнату бойынша, мінез-құлқының өзгеруіне байланысты тіл табысудағы қиындықтар болды.



ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында мектебімізде қазақ және орыс кластарында барлығы 145 дарынды оқушы анықталып, оқушылардың қызығушылығы, пәнге бағыттылығы, логикалық таным деңгейлері зерттелді. Сонымен қатар танымдық қабілеттерін дамыту, лидерлік қабілеттерін дамыту, шығармашылық ой-өрісі мен

мотивацияны дамыту мақсатында ойындар, топтық тренингтер өткізілді. Жыл бойы оқушыларды әр түрлі олимпиадаларға тарту жұмыстары да жүзеге асырылды.



«ТӘУЕКЕЛ» ТОБЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Биылғы оқу жылында “Тәуекел” тобындағы және діни отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылармен жұмыс жоспары бойынша тұлғалық ерекшеліктері, отбасындағы психологиялық климаты анықталып, психологиялық түзету, кеңес беру және алдын алу жұмыстары жүргізілді. Уақтылы сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагогтармен біріге ерекше назардағы оқушылардың тұрмыстық жағдайлары тексерілді. Жыл бойы ата-аналары және сынып жетекшілермен үздіксіз байланыс жасалып, оқушылар оқитын сыныппен тренинг-ойындар ұйымдастырылып, оқушыларға бақылау жасалынды.



КӘСІБИ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Оқу жылының басында 11 сынып оқушыларынан алдағы тестілеу туралы, болашақ мамандығы мен алға қойған жоспарын білу мақсатында анкета


алынды. Бірінші жарты жылдықта 9,11 сынып оқушыларының кәсіби қызығушылығы мен қабілетін анықтау мақсатында Е.Климовтың тұлғалық типтерін анықтау әдістемесі жүргізілді. Жыл бойы 9,11 сынып оқушыларымен ҰБТ, емтиханалды мазасыздық, стресс пен эмоционалдық қысымды жоюға, позитивті көңіл-күй сыйлауға бағытталған психологиялық тренинг сабақтар ұйымдастырылды. Оған қоса оқушыларға мамандық таңдауға байланысты бейнероликтер көрсетіліп, нұсқаулықтар таратылды. Оқушылармен жыл бойы осы бағыт бойынша уақытылы қолдау мен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.



АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Психологиялық қызметтің жоспарына сәйкес, жыл бойы мектебіміздің ата-аналар жиналыстарына қатысым жасалып, жеке сұраныстары бойынша психологиялық кеңес берілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинетінің жұмысының жоспарына сәйкес “5-нші сынып оқушыларының бейімделуі барысында ата-аналарды педагогикалық-

психологиялық қолдау”, “Әрбір бала- жарық жұлдыз”, “Интернетке тәуелділіктің зияны”, “Отбасылық құндылықтар” тақырыбында ата-аналармен тренингтер өткізілді. Оған қоса, ата-аналардан баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты анонимдік онлайн сауалнама алынды. Сәуір айында әкелер жиналысына қатысым жасалып, тренинг жаттығу ұйымдастырылды.




Роль семьи в формировании личности школьника

Особого рода коллектив, играющий в воспитании основную роль, — это семья. В детстве ребенок приобретает в семье, он сохраняет в ней всю последующую жизнь. В семье закладываются основы личности ребенка, и к поступлению в школу ребенок уже более чем наполовину сформировался как личность. Все воздействие на личность ребенка состоит в том, что в семье, для него в семье, не отходит к ребенку, и не заботится столько о нем. И вместе с тем никакой институт не может потенциально нанести столько вреда воспитанию детей, сколько может сделать семья.

воспитание — это взаимное доверие, симпатия, любовь, воспитатели и воспитываемые.

Воспитание маленького человека — достижение душевного единения, нравственной связи родителей с ребенком.



ПЕДАГОГТЕРМЕН ЖҰМЫС

Биылғы оқу жылында мектебіміздің жас педагогтерімен “Жетістік шыңына” тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында педагогтерге эмоционалды қысымды жоюға бағытталған, шабыт пен нәтижелі жұмыс жасауға жетелейтін қызықты жаттығулар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектебіміздің әдістемелік бірлестігінің отырысында

нәтижелі жұмыс жасауға жұмылдыру, ауызбіршілікті нығайту мақсатында психологиялық тренинг жаттығу өткізілген болатын.



«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» ЖӘНЕ «СЕНІМ ЖӘШІГІ» БОЙЫНША ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылының басында 1-11 класс оқушылары мен барлық ата-аналар мектебіміздегі «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» қызметі туралы хабардар етілді. Аталған оқу жылында бұйрыққа сәйкес сенім жәшігі және сенім телефонымен келесі жұмыстар жасалды: айына 2 рет мектеп директоры Ж.М.Шабаровпен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.А.Китигулова мен С.М.Аяпбергенова, мектеп психологтары І.Б.Хамитова, Ш.Т.Ахмет, Д.Е.Естаеваның қатысуымен сенім жәшігі ашылды. Ағымдағы оқу жылында «Сенім жәшігіне» барлығы 3 хат келіп түсті..

Хаттардың мазмұндары көбінесе оқушылар арасындағы қарым-қатынас жөнінде, жаңа жылды ұйымдастыру жайында болды. Түскен хаттардың барлығы қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. «Сенім телефонына» 4 қоңырау түсті. Қоңыраудың мазмұны, көбінесе, ата-аналардан оқушының оқуға қызығушылығының төмендеуі, баланың өзін-өзі бағалауына байланысты болса, оқушылар тарапынан мейрамдар мен дискотеканың ұйымдастыруы туралы ұсыныстар болды.

Шешімі: 2023-2024 оқу жылының есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша барлық көзделген психологиялық жұмыстар толық жүзеге асқан жоқ. 2024-2025 оқу жылында суицид пен буллингтің алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға көп көңіл бөлінуі тиіс.

2024-2025 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Оқушылар арасында келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында алдын алу бойынша жұмыстарды көбейту.
2. Білім алушылардың мәселелерін шешудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру және жүзеге асыру.